


ӘЛЕУМЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Жыныс және гендер. 1-бөлім





Дәрістің мақсаты: жыныс пен гендер арасындағы айырмашылықты анықтау, әлеуметтік құрылымға және күнделікті іс-әрекеттерге гендер ұғымының енуі арқылы гендерлік айырмашылықтар рөлінің арту себептерін талдау.

Негізгі терминдер: жыныс, гендер, гендерлік рөлдер, сексизм, гендерлік статусқа деген сенім.

Жыныс пен гендер

Жыныс – әйелдер мен ер адамдардың биологиялық ерекшеліктерінің сипаты. Әлеуметтанушылар гендерге, яғни әр жынысқа тән мәдениетпен байланысты көзқарасқа, мінез-құлыққа және рөлдер жүйесіне баса назар аударады.

Ер адамдар мен әйелдердің арасындағы өзгешеліктерді биологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырдық. Әр мәдениетте қалыптасқан өзге гендерлі болжалдар болуына қарамастан, әрқашан әйел затының еркектерден күші аз деп саналады. Құрылымдық-функционалық теорияшылар кәсіптердің жынысқа қатысты бөлінуін қолдайды. Себебі олардың ойынша бұл отбасы бірлігін сақтауға ықпал етеді және бәсекелестікке жол бермейді. Конфликт теориясы еркектер әйелдердің мәртебесін төмендететін сексистік нормалар арқылы үстемдік етеді деп дәлелдеуде. Символдық интеракционизм гендерлік теңсіздіктің күшею себептерін емес, оның арақатынастарда сақталу себептерін түсінуге көмектеседі.

Гендерлік бірегейлік

Жынысаралық стратификация әлеуметтену арқылы қалыптасады. Ерте балалық шағынан бастап ұлдар мен қыздар әр жынысқа тән әрекеттерді үйренеді және сол пікірлерді өзіне қатысты қолданады. Сонымен қатар жынысаралық стратификация жыныстардың биологиялық тұрғыдағы айырмашылықтарын күшейтетін медициналық және әлеуметтік әсерден де болады.

Гендерлік айырмашылықтар «гендерді жасау» барысында күшейеді. Әлеуметтанушылар адамдардың гендерлік рөлдерге қатысты өздерінің бейілділігін көрсетуге бағытталған күнделікті іс-әрекеттерді орындауын «гендер жасау» деп атайды.

Гендер – әлеуметтік құрылым. Гендерлік рөлдер мен көзқарастардағы өзгерістер бір жағдайда – егер гендердің әлеуметтік құрылымында қатарласқан өзгерістер болса ғана қоғамның өзгеруіне алып келеді. Сондай-ақ әлеуметтік құрылым өзгерсе, гендерлік рөлдер мен көзқарастар да өзгереді.

Жыныс – әйел мен ер адамдардың арасындағы биологиялық ерекшеліктердің сипаты.

Гендер – әр жынысқа тән мәдениетпен байланысты көзқарас, мінез-құлық және рөлдер жүйесі.

Гендерлік рөлдер – белгілі бір мәдениеттегі ерлер мен әйелдер үшін норма болып табылатын құқықтар мен міндеттер.

Сексизм – әйелдер биологиялық тұрғыдан ер адамдардан төмен болмаса да ерлермен тең емес, бірдей емес деген ұстаным.

Гендерлік статусқа деген сенім – бір жыныс (әсіресе, еркектер) басқаға (әйелдерге) қарағанда сыйлы, лайықты және құзыретті деп санайтын, кеңінен таралған көзқарас.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Гендерлік теңсіздікті әлеуметтанулық теориялар тұрғысынан түсіндіруге тырысыңыз.
2. «Гендер жасау» түсінігіне анықтама беріңіз. Сіздің күнделікті өміріңізде «гендерді жасау» жолдарына мысал келтіріңіз.



Бақылау және талқылау сұрақтары

1. Гендерлік айырмашылықтар табиғаттың, тәрбиенің немесе екеуінің де нәтижесі ме?
2. Әртүрлі мәдениеттердегі гендерге қатысты зерттеулер, оның әлеуметтік тұрғыдан құралатындығы туралы тұжырымдамаға қандай үлесін тигізеді?

Қосымша әдебиет және ақпарат көздері

1. Ритцер Дж., Степницки Дж., Әлеуметтану теориясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 856 бет.
2. Бринкерхоф Д., Уэйтс Р., Ортега С., Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 464 б.
3. Мертон Р., Социальная теория и социальная структура. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА: ХРАНИТЕЛЬ, 2006. – 873 с.
4. Смелзер Н., Социология. – М.: Феникс, 1994. – 688 с.
5. Здравомыслова Е.А., Тёмкина А.А., 12 лекций по гендерной социологии. – СПб.: Издательство Европейского университета в Санкт-Петербурге, 2015. – 768 с.
6. Risman B.J., Gender Vertigo: American Families in Transition. – New Haven, CT: Yale University Press, 1998.
7. West C., Zimmerman D.H. Doing Gender/Gender and Society, 1984. Vol. 1, No. 2. – 125–151.